

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ДАМУДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ**Сюбебаева Ж. К.**, э.ф.м., оқытушы-дәріскер**Талғат А.**, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 4 курс студенті
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: zhuldiz86.kz@mail.ru

Мақалада мемлекеттік қызметтің бүгінгі таңдағы ерекшеліктері мен шетелдік тәжірибесі туралы мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар адамдардың құқығы мен еркіндігі сенімді қорғалған еркін азаматтық қоғам факторлары мен шарттарына сәйкес келетін мемлекеттік қызмет қалыптастыру қарастырылған.

Тірек сөздер: мемлекеттік қызмет, қоғамдық реформалау, жоғарғы сапа, басқару жүйесі, тиімді шешім, саяси аялар, еркін азаматтық қоғам.

В статье рассмотрены вопросы об особенностях и зарубежном опыте государственной службы на сегодняшний день. Также предусмотрено формирование государственной службы, соответствующей факторам и условиям свободного гражданского общества, где надежно защищены права и свободы людей.

Ключевые слова: государственная служба, общественное реформирование, высокое качество, система управления, эффективные решения, политические сферы, свободное гражданское общество.

The article deals with the questions about the features and foreign experience of public service today. It also provides for the formation of a public service that corresponds to the factors and conditions of a free civil society, where the rights and freedoms of people are reliably protected.

Key words: public service, public reform, high quality, management system, effective solutions, political spheres, free civil society.

Мемлекеттің қалыптасуы барысында мемлекеттік қызмет алғашқы ұйымдастыру құралы ретінде әрекет етеді. Мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі болып табылады. Қазақстан мемлекеттігін нығайту және қоғамдық реформалау міндеттерін шешуде, демократия мен құқық негізінде экономика, әлеуметтік мәдениет және әкімшілік саяси аяларын басқаруда әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде мемлекеттік қызметшілер аса маңызды рөл атқарады [1].

Бүгінгі таңда Қазақстанда бір жағынан демократиялық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет талаптарына сәйкес келетін, екінші жағынан нарықтық экономикаға бағытталған, әртүрлі әлеуметтік топтардан құралған, адамдардың құқығы мен еркіндігі сенімді қорғалған еркін азаматтық қоғам факторлары мен шарттарына сәйкес келетін мемлекеттік қызмет қалыптастыру қажет. Сол себепті заманауи мемлекеттік қызметтің сәйкесті мәселелерін зерттеуді және басымдылықтары мен кемшіліктерін талдауды қажет етеді.

Мемлекеттік қызметтің жоғары сапалығы мен халыққа қол жетімділігі көбіне мемлекеттік қызметшілердің өз қызметіне жоғары жауапкершілікпен қарауына байланысты. Сол себепті мемлекеттік қызметшілер қызмет ету барысында басқару жүйесін қатаң қадағалап, бекітілген ұстанымдарына берік болғаны абзал. Көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру үшін сараптамалық комиссия құрылуы қажет. Ол өздерінің басты мақсаты ретінде қоғамдағы ақпараттық технологиялардың ролін зерттеп, халықтың қажеттілігін зерттей отырып, қанағаттанарлық шешімдер қабылдауға тиіс.

Қазақстан Республикасында көптеген жылдар бойына Қазақстанның дамуының ағымдағы және басымды сұрақтарын тиімді шешуге қабілетті, кәсіби үкіметтің құрылуын

мақсат тұтқан мемлекетті басқару құрылымын оңтайландыру мен жетілдіру барысы көрініс табуда. Заманауи жоғары тиімді мемлекеттік басқару жүйесі мен мемлекеттік қызметтің қалыптасуы- қазіргі таңда бірінші орынға қойылатын басты мәселелердің бірі. Құқықты мемлекеттің бой көтеруі, елдің дамуы мен жалпы тұрақтануы, қоғамның демократия жолымен жылжуы, елдегі экономикалық реформалардың барысы көбіне мемлекеттік басқару машинасы мен атқамінерлердің (шенеунік) кәсібилігіне, олардың әрекеттілігі мен ынтасына, белгіленген бағыт бойынша қызмет етуіне байланысты болатыны анық байқалуда.

Қазіргі басты басымдықтардың бірі мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың сақталуын бақылау мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес болып табылады. Өткен жылдың 11 айында мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы қолдану мен жемқорлықпен күрес мәселелері бойынша 1900 тексеру жүргізілген, 11000 бұзушылық анықталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мақсатында, мемлекеттік органдар үшін сыбайлас жемқорлық рейтингін есептеу нұсқаулықтары бекітілді. Агенттік сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингін есептейтін жұмысшы орган болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссиясына рейтингіні тапсырады. Рейтингті есептеу 2008 жылдан бастап, жыл сайын өткізіліп тұрады [2].

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту мәселелері мемлекеттік қызмет академиясының біліктілікті арттыруға байланысты бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Бағдарламаға сәйкес жиырма үш мыңнан астам орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері біліктілігін көтере алды.

Қазақстанда мемлекеттік қызметтің өзіндік қазақстандық моделінің қалыптасуын төмендегідей сипаттауға болады:

- біріншіден, бюджеттік сала жұмыскерлері мемлекеттік және азаматтық қызметтерге бөлінді. Мемлекеттік қызметтің лауазымдары саяси, әкімшілік және ерекше түрлеге (арнайы қызмет, әскери, полиция және т.б.) бөлінді.

- екіншіден, әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге қатысты. Мысалы, мемлекеттік органдардың басқару құрылымына сәйкес лауазымдар санаттары топтарына бөлінді; коэффициенттерге негізделген және шегерме ақы төлеуді көздеген еңбекақы төлеудің тарифтік – саралау кестесі енгізілді; мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі конкурстық іріктеу және заңнаманы білудің тестілеуі енгізілді; саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметтерге кадр резерві жүйесі қызмет етеді.

- үшіншіден, мемлекеттік қызмет туралы заңнама сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипатты болып табылады, мемлекеттік қызметшінің Ар-намыс Кодексі қабылданып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Тәртіптік кеңестері құрылды;

- төртіншіден, мемлекеттік қызметшілерді, оның ішінде шетелде оқытудың инфрақұрылымы қалыптасты. Жыл сайын дайындықтан, қайта даярланудан және біліктілікті арттырудан мемлекеттік қызметшілердің үшінші бөлігі (30 мыңға жуық) өтеді.

Бүгінде мемлекеттік қызметтің қазақстандық жүйесі конкурсты-мансапты (үлгіні) моделді білдіреді, яғни, азаматтардың мемлекеттік қызметке ашық конкурстық негізде түсуі, ал жүйе ішінде мемлекеттік әкімшілік қызметшілер басқа лауазымдарға тігінен де, көлденеңінен де конкурстық өткізілуінсіз, лауазымның біліктілік талаптарына сәйкес ауысу тәртібімен, мемлекеттік қызметшінің өзінің және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттіктің келісімімен көтермеленуі

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтің сапа мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасының Президенті кәсіпкерлердің 10-шы Форумында сөйлеген сөзінде атап өткендей, қазіргі таңда Қазақстанда шешілу және қадағалау функцияларын кеңейтуде беталыстар байқалуда. Дамудың бұл кезеңінде мемлекеттік органдардың әрекетін қатардағы азаматтар мен кәсіпкерлердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету мен қызығушылықтарын қорғауға бағыттауға тиіс. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесін зерттеу шеңберінде мемлекеттік органдардың көрсететін қызметтерінің сапасы бағаланды [3].

Орталық атқарушы органдардың мемлекеттік қызметкерлері мен жергілікті мемлекеттік қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің сапасын бағалаудағы айырмашылық көңіл бөлерліктей. Жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлердің қызмет сапасының жоғары және өте жоғары бағасын берген жауап үлестері 43,5 % құрайды, бұл орталық органдардың 21,4% үлесінен қайда жоғары. Бұл қызметтің көп бөлігінің жергілікті деңгейде көрсетілетінімен түсіндіріледі.

Мемлекет қызметінің тиімділігін арттыру – Қазақстанның болашағын айқындаушы басты фактор. Демек, бұл – маңызды стратегиялық міндет. Сондықтан бүгін мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттырып, мемлекеттік ресурстарды сәйкесінше ұтымды пайдалану қажет.

Дамыған елдердің мемлекеттік қызмет саласында, кадр әлеуетін басқару мемлекеттік басқару теориясында да іс жүзінде басым бағыт болып табылады. Мемлекеттік қызметті реттейтін заңнамалар экономикада, саясатта және әлеуметтік салада болатын ауытқулардың әсерінен өзгерістерге ұшырап, толықтырылып отырады.

АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Францияда заманауи мемлекеттік қызметтің негізі мәселен бізден бір ғасырдан астам уақыт бұрын қаланған. Бұл барлық дамыған елдерде мемлекеттік қызметтің іргетасының қаланып, керегесін тіктеу үрдісінің ұзақ уақыттар бойы жүретіндігін көрсетеді[4, 245б.].

Францияда қызметке іріктеу жүргізу конкурс емтиханын тапсыру барысында байқалатын бір ғана критерий: жүктелген міндетті орындай алу қабілетіне сәйкестігі негізінде бағаланады. Конкурс жазбаша және ауызша емтиханнан тұрады, нәтижесінде үміткердің мәдениеті, білімі, өз ойларын логикалық тұрғыдан жеткізе білуі сараланады. Конкурстық комиссия мүлтіксіз адал құзыретті мамандардан жасақталады және әкімшіліктің ешқандай әсері болмайды.

Жапонияның мемлекеттік қызметшілерінің кадр әлеуетін пайдалану тәсілі тиімді және өзіндік ерекшелігі бөлек. Жапонияның мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі: өмір бойы жалдау, кадр ротациясы, жұмыс орнында оқыту, еңбек ақы, тағы да сол сияқты басты критерийлерді қолдану арқылы мемлекеттік қызметшілердің жоғары кәсіпқойлығына, икемділігіне және олардың жауаптылығына қол жеткізуінде. Мұндағы әрбір критерий бір-бірін толықтыра отырып, қызмет атқарудың шарттары мен негізі болып табылады. Нәтижесінде еңбек ынталандырылуы артып, жоғары әлеуетті атқамінерлерді даярлауды қамтамасыз ететін және олардың творчестволық, интеллектуалдық қабілеттерін арттыратын орта қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Мемлекеттік қызмет туралы» 23.07.1999ж. № 453 Қазақстан Республикасының Заңы.
2. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттіктің мәселелері». 03.12.1999ж. № 280 ҚР Президентінің Жарлығы.
3. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» 03.02.2005 жылғы № 1567 ҚР Президентінің Жарлығы.
4. Нұртаузин М.Е. Саясат және парасат // Ақиқат. № 9.2019.